



050013 Алматы қ., Сәтбаев к-сі 16-18, 18а, 712 офис  
тел./факс: 8 (727) 262-14-28, 262-14-42  
e-mail: info@edurk.kz, avrk@mail.ru  
www.edurk.kz

050013 г. Алматы, ул. Сатпаева 16-18, 18а, 712 офис  
тел./факс: 8 (727) 262-14-28, 262-14-42  
e-mail: info@edurk.kz, avrk@mail.ru  
www.edurk.kz

Исх. №637-А-14

«10» октября 2014 г.

Руководителям вузов-  
членам Ассоциации вузов РК

**О проектах приказов  
Министра образования и науки РК**

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам разграничения полномочий между уровнями государственного управления» от 2 октября 2014 года» Министерство образования и науки РК направило для получения экспертного заключения проекты приказов Министра образования и науки РК «Об утверждении Правил предоставления академических отпусков обучающимся в организациях образования» и «Об утверждении Правил организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям».

Указанные Правила ранее были утверждены постановлениями Правительства РК и в настоящее время Министерством их содержание не изменялось. Несмотря на это, считаем целесообразным проанализировать Правила с учетом накопленного опыта их практического применения и внести при необходимости соответствующие изменения и дополнения.

**При наличии** замечаний и предложений по упомянутым проектам приказов просим до 16 октября с.г. направить их исполнительной дирекции Ассоциации на e-mail: [avrk@mail.ru](mailto:avrk@mail.ru) (подтверждение почтой не требуется).

**Приложение:** упомянутое на 34 листах

Президент Ассоциации  
профессор

Р. А. Алшанов

исп: Самаренко А.И.  
8/727/ 262-14-28 (вн.120)



050013 Алматы қ., Сәтбаев к-сі 16-18, 18а, 712 офис  
тел./факс: 8 (727) 262-14-28, 262-14-42  
e-mail: info@edurk.kz, avrk@mail.ru  
www.edurk.kz

050013 г. Алматы, ул. Сатпаева 16-18, 18а, 712 офис  
тел./факс: 8 (727) 262-14-28, 262-14-42  
e-mail: info@edurk.kz, avrk@mail.ru  
www.edurk.kz

№ 638-А-14  
10.10.14г.

Директору  
Департамента высшего,  
послевузовского образования  
и международных отношений  
г-ну Шаймарданову Ж.С.

на №03-3/252 от 07.10.2014г.

Подтверждаю свое участие на заседание Республиканского педагогического совета, которое состоится 16 октября текущего года

Президент Ассоциации  
профессор

Р. А. Алшанов

Исп: Канагатова Асем  
Тел : 8/727/ 262-14-28



050013 Алматы қ., Сәтбаев к-сі 16-18, 18а, 712 офис  
тел./факс: 8 (727) 262-14-28, 262-14-42  
e-mail: info@edurk.kz, avrk@mail.ru  
www.edurk.kz

050013 г. Алматы, ул. Сатпаева 16-18, 18а, 712 офис  
тел./факс: 8 (727) 262-14-28, 262-14-42  
e-mail: info@edurk.kz, avrk@mail.ru  
www.edurk.kz

**Жоғары білім беру саласы ардагерлерінің  
құрметіне арналған салтанатты жиынның  
ХАТТАМАСЫ**

**№ 6**

**Алматы қаласы**

**26-қыркүйек 2014 жыл**

**Өткен жері:** Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі 16-18,18 а, «Тұран» университетінің мәжіліс залы

**Қатысушылар:** ЖОО Ректорлары мен ғалымдары, жоғары білім беру саласының ардагерлері, зиялы қауым және БАҚ өкілдері

**Арнайы шақырылғандар – 210**

**Шақырумен келгендер - 160**

**Барлық қатысушылар – 234**

**Күн тәртібі:**

1. Қазақстан жоғары оқу орындары ғалымдарының ғылыми еңбектері мен оқулық басылымдарының көрмесі таныстырылды;
2. Салтанатты жиынды ашып, құттықтау сөз сөйлеу үшін, осы шараны ұйымдастырушы, Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор Алшанов Рахман Алшанұлына сөз берілді;
3. ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының Вице-президенті, профессор Әбішев Әли Әжімұлы «Қазақстанның жоғары мектептерін дамытудағы дәстүрлер мен ұрпақ сабақтастығы» тақырыбында баяндама жасады;

4. Қазақстанның жоғары білім беру саласы ардагерлері мен ЖОО ректорлары құттықтау сөз сөйледі;
5. Қазақстанның жоғары оқу орындары ардагерлерін ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығы тағайындаған Ахмет Байтұрсынов атындағы орденімен марапаттау рәсімі өтті;
6. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерватория студенттерінің шағын концерттік бағдарламасы ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығы алда келе жатқан Халықаралық ұлағатты ұстаздар күні мен қарттар күні мерекесін және жаңа оқу жылының басталуын ескере келе жоғары білім беру саласы ардагерлерінің құрметіне орай салтанатты жиын өткізді. Салтанатты жиын барысында Қазақстан жоғары оқу орындары ғалымдарының ғылыми еңбектері мен оқулық басылымдарының көрмесі ұйымдастырылды.

Тұран университетінің мәжіліс залында өткен салтанатты жиынды аталмыш оқу ордасының екі студенті жүргізді. Жоғары білім беру саласы ардагерлерінің құрметіне арналған мерекелік шараны Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының Президенті Р. А. Алшанов ашты. Бірінші сөз кезегінде мерекелік шараға жиналған еліміздің жоғары білім беру ардагерлері мен ұстаздарын құттықтап және оларға игі тілек тіледі. Егеменді ел атанғаннан бері білім-ғылымға қатысты талай иновациялық бағдарламалар пайда болу үстінде. Уақыт өткен сайын ұстаздардың беделі мен мәртебесі жоғарылай бермек. Оған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылған жоғары білім беру саласының ардагерлерін тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынов атындағы медальмен марапаттау дәлел бола алады. Аталмыш шара жыл сайын дәстүрлі түрде өз жалғасын тауып отыра бермек.

Бұдан кейін ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының Вице-президенті, профессор Әбішев Әли Әжімұлы «Қазақстанның жоғары мектептерін дамытудағы дәстүрлер мен ұрпақ сабақтастығы» тақырыбында тұшымды баяндама жасады.

#### **Марапаттау рәсімі:**

Келесі кезекте салтанатты жиында Қазақстанның жоғары оқу орындары ардагерлерін ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығы тағайындаған Ахмет

Байтұрсынов атындағы орденімен марапаттау рәсімі өтті. Құнды сыйлықтар мен ордендерді аталмыш шараны ұйымдастырушы, ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті Рахман Алшанұлымен Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инжиниринг университетінің ректоры, профессор Ботабеков Әділбек Қожабекұлы табыс етті.

Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығы төмендегідей ардагер-ұстаздарды жоғары білім беру саласының дамуына зор үлес қосқан үшін Ахмет Байтұрсынұлы орденімен марапаттады.

- Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан жоғары мектебінің белді өкілі, Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының академигі - **Нәрібаев Көпжасар Нәрібайұлы;**
- Химия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан жоғары мектебінің белді өкілі Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының академигі - **Шайхутдинов Еренғайып Мәлікұлы;**
- Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының академигі - **Елешев Рахымжан Елешұлы;**
- Физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент - **Романов Вячеслав Иванович;**
- Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор - **Садықов Нуруллах Магомед-Рамазанович;**
- Қазақ-Америка еркін университетінің ректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан жоғары мектебінің белді өкілі Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының академигі - **Мәмбетқазиев Ережеп Әлхаирұлы;**
- Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан жоғары мектебінің белді өкілі, Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының академигі - **Сағадиев Кенжеғали Әбенұлы;**
- Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қоғамдық ғылымдар академиясының академигі - **Табылдиев Хисмет Бозанұлы.**

*Марапатталушылардың атынан Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры, Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының академигі - Елешев Рахымжан Елешұлы шараны ұйымдастырушыларға алғыс білдірді;*

**Шешім:**

Ұйымдастыру алқасының ұйғарымымен ұлағатты ардагер-ұстаздарды ұлықтап, мәртебесін көтеріп, ерен еңбектері үшін «Ахмет Байтұрсынов атындағы орденмен» марапаттап отыру рәсімі жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылады деп шешілді. Бұдан былай аталған дәстүрлі марапаттау рәсімі жыл сайын Халықаралық Ұстаздар күні қарсаңында ұйымдастырылатын болады.

**Кеш қорытындысы:**


Шараның қорытынды сөзін Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор Алшанов Рахман Алшанұлы айтып, жиналған қауымға алғыс білдірді.

Кеш соңында А.Байтұрсынұлы орденімен марапатталған ардагер-ұстаздардың құрметіне арналған Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерватория студенттерінің шағын концерттік бағдарламасы ұсынылды.

**Ақпараттық қолдау:**

Аталған шараның өту барысы республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен көрініс тапты. Атап айтқанда: «Хабар» агенттігі, «Білім және Мәдениет» телеарнасы, «Қазақстан» Ұлттық арнасы, «Қазақ радиосы», «Шалқар арнасы», сондай-ақ «Алаш айнасы» ақпаратты-танымдық порталы, «ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының сайты», «Қазақ әдебиеті», «Айқын», «Алматы ақшамы», «Ана тілі» газеттері шағын ақпараттар мен арнайы мақалалар жариялады.

**Қазақстан Республикасы  
жоғары оқу орындары  
қауымдастығының  
Президенті**



**Р.А. Алшанов**

**Хатшы**

**А.Исәділ**